

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Концепция новой бюджетной политики Республики Казахстан, Астана, 2013
- 2 «Казахстан в 2013 году»: Статистический ежегодник /на казахском и русском языках/ Агентство Республики Казахстан по статистике. – Астана, 2014.
- 3 Основные положения Отчета Счетного комитета об исполнении республиканского бюджета за 2012 год (заключение к соответствующему отчету Правительства Республики Казахстан). Астана, 2013
- 4 Основные положения Отчета Счетного комитета об исполнении республиканского бюджета за 2013 год (заключение к соответствующему отчету Правительства Республики Казахстан). Астана, 2014

REFERENCES

- 1 Conception of new budget policy of Republic of Kazakhstan. Astana, 2013
- 2 «Kazakhstan in 2013 year»: Statistical anniversary /in Kazakh and Russian languages/ Statistics Agency of Republic of Kazakhstan. - Astana, 2014
- 3 Executive summary of the Accounts Committee on the implementation of the national budget of the year 2012 (the conclusion according summary of Government Republic of Kazakhstan). Astana, 2013
- 4 Executive summary of the Accounts Committee on the implementation of the national budget of the year 2013 (the conclusion according summary of Government Republic of Kazakhstan). Astana, 2014

Ержан Оспанов

Бюджеттік инвестициялауды реформалаудың сұрақтары

Мақалада мемлекеттік шығындың аясында маңызды орын алатын және әлеуметтік - экономикалық дамудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде шешуші рөлге ие бюджеттік инвестициялар саласындағы тенденцияларға талдау ұсынылған. Бюджеттік инвестицияларды іске асырудағы саласында қалыптасқан жағымсыз тенденцияларға қарсы бағыттылған іс-шаралар мазмұны баяндалған.

Түйінсөздер: мемлекеттік шығындар, бюджеттік саясаттың моделі, республикалық бюджет, жергілікті бюджет, бюджеттік инвестициялық шығындары, бюджеттік инвестициялау, квазимемлекеттік сектор.

Yerzhan Ospanov

Questions of reforming the budget investment

The analyze of tendencies, which prevailing in budgetary investment sphere was shown in the article. The main place in system of governments consumptions and main role in achievement of strategic targets of social-economical development, belong to budgetary investment sphere. Content of measure to overcome the negative trends, prevailing in realize of budgetary investment.

Key words: governments consumptions, the model of budget policy, republican budget, local budget, budget investments consumptions, budget investment, quasi-public sector.

Поступила в редакцию 11.09.2014.

ӘОЖ 330.13(574)

К.Қ. ХАСЕНОВА¹, А.М. ҚАБЫЛДИН²

э.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ доценті¹

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ЭФ «Мемлекеттік және жергілікті басқару»

мамандығының 3-курс студенті²

ОТАНДЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада нарықтық экономика жағдайында отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін көтеру маңыздылығы мен оның мәселелері ашып көрсетілген. Елімізді жаһанға тәуелсіз ел екенін танытып болдық, ендігі кезекте бір орында тұрып қалмай әрі қарай даму қажет. Ол үшін әлемдік нарықта өз үлесімізді арттыру керектігі. Мұндай жағдайларға мақалада айтылғандай отандық кәсіпкерлерімізді қолдау, отандық өнімнің бәсекеқабілеттілігін арттыру арқылы қол жеткіземіз. Ғылымды дамыту және оған жұмсалатын шығындарды реттеу, тиімді инновацияларды енгізу, кәсіпорындардың технологиялық деңгейлерін көтеру, отандық кәсіпкерлерді мемлекеттік қолдау, дұрыс инвестициялық саясат жүргізу сияқты экономиканы көтерудің маңызды тетіктері мақалада баяндалған. Жаһандану процесінен ешбір ел тысқары қалмайды, сондықтан сол елдердің арасында алдыңғы қатарда болуға ұмтылу керектігі.

Түйінсөздер: бәсекеге қабілеттілік, бүкіләлемдік экономикалық форум, ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыс, инновация, технологиялық деңгей, отандық ғылым, инвестициялық саясат.

Нарықтық экономика қатаң бәсекелестікпен сипатталады. Нарықтық экономикада өндіріс пен мемлекеттің жалпы ахуалын өркендетудің негізгі бастауларының бірі — өндірілетін өнімдердің, көрсетілетін қызметтердің бәсекелік қабілетін арттыру екендігі белгілі. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, бәсекеге қабілеттілік кез-келген елдің экономикасының дамуының ерекше маңызды факторы және шаруашылық кешенінің ең жақсы экономикалық көрсеткіші болып табылады. Әлем елдерінің жаһандық бәсекеге қабілеттілік индекстерін Бүкіләлемдік экономикалық форум (БЭФ) өзінің жыл сайынғы қорытындыларында шығарып отырады. Бұл зерттеулер 2004 жылдан бері жүргізіледі және қазіргі кезде әлемнің түрлі елдері бойынша бәсекеге қабілеттілік көрсеткішінің неғұрлым толық кешенін бейнелейді. Бүкіләлемдік экономикалық форумның өкілдері ұлттық экономикалардың бәсекеге қабілеттілігінің көптеген және мейлінше алуан түрлі факторларымен анықталатынын айтады. Осылайша, мемлекеттік қаржыларды тиімсіз басқару мен инфляцияның жоғары деңгейі экономика жағдайына теріс әсер етсе, интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғау, дамыған сот жүйесі және басқа да шаралардың оң әсер етуі мүмкін. Институттық факторлармен бірге, білім беру мен жұмыс күшінің біліктілігін арттыру, жаңа білімдер мен технологияларға тұрақты қолжетімділіктің болуы да шешуші рөл атқара алады. Экономиканың бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын факторлар бастапқы жағдайлар мен дамудың ағымдағы деңгейіне байланысты әлем елдерінің экономикалық жүйелеріне түрліше ықпал етеді. Сонымен бірге, уақыт өте келе факторлардың өздерінің де өзгеріп тұратындығы белгілі жәйт. Бүкіләлемдік экономикалық форум (БЭФ) Қазақстанның бәсекеге қабілеттілік рейтингін 4,41 индексмен 51-ші позициядан 50-ге көтерді.[1] Бұл туралы БЭФ-ның 2013-2014 жылдарға арналған жаһандық бәсекеге қабілеттілік бойынша жарияланған есебінде айтылған.[1] Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі экономикалық дамудың түрлі деңгейлерінде тұрған әлем елдерінің бәсекеге қабілеттілігін егжей-тегжейлі сипаттайтын 113 ауыспалыдан тұрады. Барлық ауыспалылар ұлттық бәсекеге қабілеттілікті айқындайтын 12 бақылау көрсеткіштеріне біріктірілген. Олар:

1. Институттар сапасы.
2. Инфрақұрылым.
3. Макроэкономикалық тұрақтылық.
4. Денсаулық және бастауыш білім беру.
5. Жоғары білім және кәсіптік даярлық.
6. Тауарлар мен қызметтер нарығының тиімділігі.
7. Еңбек нарығының тиімділігі.
8. Қаржы нарығының әртүрлілігі.
9. Технологиялық даму деңгейі.
10. Ішкі нарықтың мөлшері.
11. Компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі.
12. Инновациялық әлеует.[2]

Өз зерттеулерінде эксперттер 148 елді сараптаудан өткізген. Зерттеу барысында көрсетілгендей, Қазақстан экономикасының басым тұстары – тиімді еңбек нарығы (15-орын) және тұрақты макроэкономикалық көрсеткіштер (23-орын). [2]

Қазіргі кезде Қазақстан нарықтық экономикалық ел ретінде танылған мемлекет, ол жаңа экономикалық даму кезеңіне жол ашты. Көптеген жылдар бойы қалыптасқан жоспарлы экономикадан нарықтық қатынастарға көшуі экономикада біраз қиыншылықтар тудырды. Осы уақытқа дейінгі сыртқы сауданың статистикасына жүгінетін болсақ, экспорт пен импорттың жалпы тауар айналымының бірте-бірте ақырындап өсіп отырғандығын байқаймыз. Осы жағдайда негізгі экспортталатын тауарлар болып мұнай, газ конденсаты, қара және түсті металл, ауылшаруашылығы өнімдері қалып отыр. Яғни еліміздің экспорты шикізаттық бағытта болып отыр. Жалпы шикізат пен алғашқы өндеуден өткен өнімдердің үлесіне тұтас экспорттың 80%-ы тиеді.[3] Мұндай жағдайды тек қана отандық өнімдердің бәсеке қабілеттілігінің төмендігімен ғана емес, сонымен қатар экспортты ынталандырудың тиімді саясатының қолға алынбауы арқылы түсіндіруге болады.

Қазіргі жаһандану жағдайында экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп тұрған бірқатар проблемалар бар. Оларды жалпылама атап өтетін болсам: өндірісте әлі де болса шикізат бағыттылығының басымдығы, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымның дамымауы, кәсіпорындардың жалпы техникалық және технологиялық тұрғыдан артта қалушылығы, ғылыми-

зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) қаржының аз бөлінуі, Қазақстан тауарлары мен қызметтерінің халықаралық сапалық стандартқа сай келмеуі, тауар өндіру мен қызмет көрсетуге кеткен шығындардың көп мөлшерде болуы.

Осындай факторларды ескере отырып, ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттырудың мынадай тетіктерін ұсынамын:

- ғылым саласын білім беру саласының көлеңкесінде қалдырмай бөліп алу;
- отандық ғылымды қолдау;
- өндіріске жаңа техника мен технологияларды тиімді енгізу;
- ғылымның тиімді жаңалықтарын қаржыландыру, ғылым мен өндіріс арасында өзара тығыз байланыс орнату;
- инновацияны мүмкіндіктерді бағалау арқылы ел экономикасының приоритетті салаларына енгізу;
- отандық өнім өндірушілерді мемлекеттік қолдау арқылы бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- елдегі сыбайлас жемқорлықты бәсеңдету.

Отандық ғылыми зерттеулердің нәтижесін нарықтық экономиканың өзекті қолданбалы міндеттерін шешуге бағыттау өте маңызды. Бұл үшін біз біріншіден ғылым саласына көп көңіл бөлуіміз қажет. Ал қазіргі кезде елімізде ғылымға деген көңілдің аз бөлінуі ғылым мен білімді бір басқарушы аппаратқа беріп қойғанында. «Білім және Ғылым министрлігі» білім беру саласындағы жұмыстарға батып, ғылымға деген уақыттың бөлінбей қалуы. Министрлік тарапынан қабылданатын мемлекеттік бағдарламалар мен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің барлығы дерлік білім беру саласына бағытталады. Қоғамда еңбекақы төлеуді, ғылыми жетістіктерді, әсіресе ғылым мен техника саласындағы жастарды ынталандыру арқылы ғылыми еңбектің беделін, оған деген құрметті көтеру қажет. Жаңа идеялар әкелетін ақылды, білімді, өнертапқыш ғалымның мәртебесі күрт жақсаратындай жағдай қалыптастыру қажет. Себебі адамдар бүгін негізгі капитал болып саналады, сондықтан да олар жеткілікті мөлшерде қаржы салуға лайық.

Ғылымның қолданбалы нәтижелерін бағалау үшін бір өлшем – сол өнімге сұраныс болуы керек. Өкінішке қарай, бүгінгі күні мемлекет өнеркәсіп пен бизнес тарапынан инновацияға сұранысты емес, ұсынысты ғана ынталандырып отыр. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерге кеткен шығын оны сату арқылы түпкі нәтижемен өзін-өзі ақтауы қажет. Түпкі нәтиже алу үдерісіне елімізде бұрыннан қалыптасқан ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) бөлінетін қаржыларды бастапқы қолданбалы зерттеулерге айтарлықтай көбірек, ал соңғы басқыштағы әзірлемелерге жеткіліксіз мөлшерде аз бөліп, тиімсіз пайдалану құрылымы да ұнамсыз әсер етуде. Соның салдарынан көптеген аяқталған ғылыми-зерттеулер өндіріске енгізуге дайын ақырғы ғылыми-техникалық өнім деңгейіне жеткізілмейді. Ал әлемдік тәжірибеде ҒЗТҚЖ шығындарының құрылымы: іргелі зерттеулерге – 13-15%, қолданбалы зерттеулерге – 25-30%, ғылыми әзірлемелерге 55-60% мөлшерінде қалыптасқан. Қазақстандағы бұл көрсеткіш 2012 жылы сәйкесінше – 22; 47,5 және 22,8 пайызды құрап, қалған бөлігі ғылыми-техникалық қызметтердің үлесіне тиген. Сол себепті де 2020 жылға қарай ғылыми-техникалық саланы қаржыландыру сәйкестілігі іргелі зерттеулерге – 15%, қолданбалы зерттеулерге – 30%, ғылыми әзірлемелерге – 50%, ал ғылыми-техникалық қызметке 5% деңгейінде болатындай көрсеткішке жету өте өзекті. [4] Егер де қаржыландыру осындай деңгейге жетсе, бұл өнім өндіруге кеткен материал-техникалық, еңбек ресурстарын үнемдеп, сапаны көтеруге мүмкіндік береді. Ресурстарды үнемдеу отандық өнімге кететін шығындарды азайту арқылы оның өзіндік құнының да нарықта тұтынушыға тиімді болуына әсер етіп, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Іргелі зерттеулер - жаңа білімдерді пайдалануға байланысты қандай да бір нақты мақсат қоймай жаңа білім алуға бағытталған эксперименттік немесе теориялық зерттеулер жатады. Олардың нәтижесі - болжамдар, теориялар, әдістер, т.с.с. Іргелі зерттеулер алынған ғылыми нәтижелерді іс жүзінде пайдалану мүмкіндіктерін ашу үшін қолданбалы зерттеулер жүргізу туралы ұсыныс берумен, ғылыми жарияланымдар, т.с.с. жасаумен аяқталуы мүмкін.

Қолданбалы зерттеулер – нақты тәжірибелік міндеттерді шешу мақсатында жаңа білімдер алуға бағытталған жаңа маңызды жұмыстар. Қолданбалы зерттеу іргелі зерттеулердің нәтижелерін пайдаланудың мүмкін болатын жолдарын, бұрын қалыптасқан мәселелерді шешудің жаңа әдістерін анықтайды.

Ғылыми-техникалық әзірлемелер - зерттеулер және практикалық тәжірибе нәтижесінде алынған бар білімге негізделген, және жаңа материалдарды, өнімдерді, үдерістерді, құрылғыларды, қызмет көрсетуді, жүйелерді немесе әдістерді құруға бағытталған жүйелік жұмыстар жатады. Бұл жұмыстар сондай-ақ бар объектілерді елеулі жетілдіруге бағытталуы мүмкін. [5]

Кез-келген елдің экономикалық байлығын үш негізгі шикізатпен өлшейді: астық, мұнай және алтын. Осы үшеуінің де табиғи қоры біздің мемлекетте мол. Осыған байланысты біздің мүмкіншіліктеріміздің әлеуеті жоғары. Және де бізге ең тиімдісі кәсіпорындарды алғашқы өңдеу сатысына өткізіп, біртіндеп экономиканы шикізат бағыттылықтан арылтуымыз қажет. Ол үшін бізге жаңа технология, сол технологияны игерген кадрлар қажет. Соңғы 12 жылда алтын бағасы тоқтаусыз өсіп келеді. Әлемдегі орталық банктер қазір алтын сатып алған тиімді деп есептейді. Халықаралық валюта қорының (ХВҚ) сайтында жарияланған дерек бойынша, өткен жылдың желтоқсанында Ресей алтын қорын 2,1 пайызға немесе 957,8 тоннаға, ал 2012 жылы 8,5 пайызға арттырған. Ал Қазақстанның қоры өткен айда 1,7 пайызға немесе 115,3 тоннаға көбейсе, жылдық өсімі 41 пайызды құраған. Қазақстан Астық одағының президенті Нұрлан Тілеубаев Қазақстанның әлемдік астық экспорттаушылар алпауыттарының бестігіне кіре алатындығын айтты. «Мен Қазақстан негізгі астық экспорттаушылардың бестігіне кіре алады деп санаймын. Өйткені ол өзіне мемлекеттік компаниялардың баланысында болуы мүмкін 5 миллион тонна көшпелі астық қорын қалдыра алады. Қаржылық ресурстар да, бидайдың кепілмен сатылуы да осындай қордың болуына мүмкіндік береді», - деді ол. Мұнай өндірудегі әлемдегі 55 елдің ішінде Қазақстан әлемде дәлелдеген қоры бойынша 12-ші орынға ие. Өндірілетін мұнай көлемі ТМД-да өндірілетін барлық мұнайдың 17 бөлігін қамтиды. Мұнайдың барланған қорлары 6 млрд т-дан (құрлықта) аса бағаланған, оның ішінде мемлекет қорланың жартысынан астам бөлігі елдің Батыс бөлігінде шоғырланған (24 таблица). Мұнайдың айтарлықтай перспективті ресурсымен қамтылған Каспий теңізі секторы саналады. «Теңіз», «Астрахан», Бұзашы түбегі және т.б. айтарлықтай ірі кен орындары дәлел бола алады. «Қашаған» кен орынын ашылуын ескере отырып, қазақстандық зерттеушілердің бағалауы бойынша мұнайдың барланған қоры шамамен 7 млрд т құрайды, 13 млрд т бағаланған мұнайдың барлық қоры Қазақстанды үлкен ондықтағы мұнай державаларының қатарына қосуы мүмкін. Сарапшылардың есебі бойынша елімізде бір адамға ақшалай есептегенде 235 мың 911 доллар мұнай мен газ қоры келеді екен. Ал барлық табиғи ресурстардың жалпы көрсеткіші 3 трлн. 781 долларды құрап отыр.

Осындай байлыққа ие болу бір бөлек, оны тиімді пайдаға жарату және оны қадағалау басқа дүние. Қазіргі уақытта шағын және орта бизнестің дамуына мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаулардың кең етек алуы өте жақсы. Бірақ осы жүргізіліп жатқан шаралар өз нәтижесін беруі үшін елде жемқорлықпен күресуді дұрыстап қолға алу керек. Transparency International (TI) ұйымы бүгін әлем елдерінің билік орындарындағы коррупция деңгейі жайлы 2013 жылға арналған есебін жариялады. Ұйым әлем елдерінде, оның ішінде ТМД мемлекеттерінде “лауазымды теріс мақсатта пайдалану, құпия келісім-шарттар мен паракорлық деңгейі жоғары” деген тұжырым жасаған. TI 177 елдегі сарапшылар мен бизнесмендердің пікірлеріне сүйеніп әзірлеген есебінде мемлекеттік сектордағы коррупция деңгейіне талдау жасап, “коррупция - саяси партиялар, полиция мен құқық қорғау жүйесіндегі ең үлкен проблемалардың бірі” болып отырғанын анықтаған. Мемлекеттік мекемелерде коррупцияның қаншалықты тамыр жайғаны бойынша түзілген бұл тізім, мемлекеттік секторында коррупция кездеспейтін немесе оның деңгейі аз елдерден басталып, коррупцияға белшеден батқан елдермен аяқталады. Тізімде Орта Азия елдері арасында Қазақстан - 140, Қырғызстан - 150, Тәжікстан - 154, Түркіменстан мен Өзбекстан бірдей - 168 орында тұр. Осындай өршіп тұрған жемқорлық кезінде бәсекеабілеттілікті арттырамыз деу бос әурешілік. Ең бірінші жемқорлықты түбімен жою қажет. Ол үшін жемқорлықпен күрестің нәтижелі әлемдік тәжірибелерін пайдалану қажет. Мысалы, Грузиядағы жемқорлықтың күрт төмендеуі. 2003 жылы «Раушан гүл» революциясынан соң билікке келген Саакашвилидің қатал реформалары туралы жазады. Жаңа үкімет 16 мың МАИ қызметкерін бір-ақ түнде жұмыстан шығарып жібереді. Оның орнына жақсы жалақыға адал жұмыс жасайтын шағын ғана полиция тобы іріктеліп, қайта құрылды. Айыппұл банк арқылы ғана төленетін болды. Заңның қалтқысыз орындалуын қадағалайтын сенім телефондары 24 сағат қызмет көрсете бастады. Бұл реформа құқық қорғау саласына тұтас жайылды. Бірінші кезекте паракорлықтың жолы кесіліп, қылмыс күрт азайған. Құжаттарды рәсімдеуде қағазбастылық

жойылды. Қолдан жасалған кедергілерді жою үшін үкімет жылдам қызмет көрсететін дүкендерді тездетіп ашып тастады. Сәтті реформаның себебінен Грузия күтпеген жерден ескі көліктерді алып келіп сағатын ең тиімді елге айналып шыға келді. Грузияның аз уақытта жеткен жетістігіне көптеген мамандар таң қалған. Оған дәлел ретінде Transparency International ұйымының Грузия бойынша өкілі Марк Мулленнің пікірін келтіреді. «Қазір Грузия он жыл бұрынғымен салыстырғанда адам танымастай өзгерген. Кімде кім бұл жетістікті мойындамаса, бұл – оның әділдіктен тануы» дейді Муллен.

Нақты өндірістік-экономикалық даму тек дәстүрлі технологиялық тәртіптердің ауыстыру нәтижесінде жүзеге асырылады. Сондықтан, жаңа индустриалды саясат өз уақытындағы ескі технологияны жаңа технологиямен алмастырылуын қамтамасыз етілуді талап етеді. Осындай іс-шараларды жүзеге асыру арқылы 1950 жылдың ортасында әлемдік технико-экономикалық жетістіктері бар мемлекеттердің технологиялық деңгейін 5-ші технологиялық өңдеу жұмыстарын жандандыру арқылы, өнімдердің соңғы түрлерінің санын көбейтуге және өнім сапасын арттыруға қол жеткізді. Кеңес Одағымен қатар Қазақстанда ол уақытта 3,4-ші технологиялық өңдеу жұмыстарын қолдану қолға алынып жатқан болатын. Бес балдық жүйе бойынша индустрия өндірісінің бүгінгі жағдайы көрсетілген. Байқап отырғанымыздай 5,6-ші технологиялық өңдеу деңгейлері жоқтың қасы.[6] Сондықтан экономикамыз әруақытта, әсіресе, дағдарыс кезінде әлжуаз келеді (1-сурет).

Іс шаралар	Құқықтық база	Ре-сурс	Инфра-құрылым	Кадр дайындау	Мемлекеттік реттеу	Ақпараттық, ғылыми, әдістемелік қолдау
Технологиялық деңгейлер						
Жоспарлау	3	3	3	3	3	3
Барлау	3	3	3	3	3	3
Өндіру	3	3	3	3	3	3
Байыту	2	2	2	2	2	2
Қорыту	2	2	2	2	2	2
Өңдеу	1	1	1	1	1	1
Терең өңдеу	0	0	0	0	0	0

1-сурет. Дағдарыстан кейін кәсіпкерлікті өркендетудің индустриалды-инновациялық негіздерін жүзеге асыру тұжырымдамасының өзара қарым-қатынасының жүйелі іс-әрекеттер реті.[6]

Сондықтан да біз инновацияны толығымен қаржыландыра бермей, өз мүмкіншіліктерімізге сай деңгейлерді қаржыландыруымыз тиімді. Біз алғашқы деңгейлерді толығымен қамтымай, 5-6 деңгейге секіре алмаймыз.

Нақты сала кәсіпорындарына, яғни өнімді өңдеу секторына қатысты

мемлекеттік инвестициялық саясат ұстану қажет. Қазіргі кезде зейнетақы қорлары, ұлттық қор, даму институттары, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар, мемлекеттік холдингтік компаниялар, сақтандыру қорларының жинақтаған қаржыларын тиімді несиелеу тетіктері арқылы аталған саланы қолдауға болады. Мемлекеттік саясаттың негізгі түйіні өндірістік және ғылыми-техникалық кешендерді жиынтық түрде ішкі және сыртқы факторларды, сауда жүйесіндегі әлемдік талаптардың негізгі қағидаларын сақтай отырып икемді, бәсекеге қабілетті өнімді шығаруға негізделуі тиіс. Осы арқылы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады.

Отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру өте маңызды және дәл уақытында ел назарына ұсынылып отырған асқақ мақсат. Өйткені, әлемдегі барынша өрбіп, қанатын жайған жаһандану үрдісінен тыс ешбір мемлекет болмайды. Соның ішінде ашық әрі демократиялық қоғам құрып жатқан Қазақстан одан шеткері қалмайды. Демек, дүние жүзі мемлекеттерінің ішінде алатын орнымыз осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты. Экономиканың даму қарқынын үдетіп, оны ұзақ уақыт ұстап тұру мүмкіндігі де осы бәсекеге қабілеттілікке байланысты. Халықтың тұрмысын үзбей жақсартып отырып, әлемдегі ең жақсы әлеуметтік стандарттарға жеткізу мүмкіндігі де осыған байланысты. Қорыта келгенде, ұлттық дамудың келешектегі басты мақсаты да, міндеті де осы бәсекеге қабілеттілік. Бұл біздер, қазақстандықтар үшін баршамыз іске асыруға жұмылатын шынайы ұлттық идея.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстанский агрегатор новостей // интернет ресурсы// <http://thenews.kz/2012/09/12/1206016.html>
- 2 КАПИТАЛ-центр деловой информации // интернет ресурсы// <http://kapital.kz/ratings/20420/rejting-konkurentosposobnosti-kazahstan-na-50-meste.html>
- 3 А.С.Касенова «Қасіпорынның бәсеке қабілеттілігін арттырудың басым бағыттары»
- 4 Айқын – республикалық-қоғамдық саяси газет // интернет ресурсы// <http://www.aikyn.kz/articles/view/33190>
- 5 Ғылым және инновация статистикасы // интернет ресурсы// <http://www.stat.gov.kz/getImg?id=WC16200008270>
- 6 Б.Н. Исабеков «Парасатты экономика».

REFERENCES

- 1 Kazakhstanskii agregator novostei // internet resource// <http://thenews.kz/2012/09/12/1206016.html>
- 2 Kapital - center delovoi informacii // internet resource// <http://kapital.kz/ratings/20420/rejting-konkurentosposobnosti-kazahstan-na-50-meste.html>
- 3 A.S.Kasenova «Kasiporynnyn baseke kabilettiligin arttyrudyn basym bagyttary»
- 4 Aikyn – respublikalyk-kogamdyk saiyasi gazet // internet resource// <http://www.aikyn.kz/articles/view/33190>
- 5 Gylym zhane innovaciya statistikasy //internet resource// <http://www.stat.gov.kz/getImg?id=WC16200008270>
- 6 B.N. Isabekov «Parasatty ekonomika».

Хасенова Кенжегуль Калмуратовна, Кабылдин Айбек Мейрамханович**Некоторые проблемы увеличения конкурентоспособности отечественной экономики**

В этой статье раскрывается важность и основные проблемы повышения конкурентоспособности национальной экономики в условиях рыночной экономики. Наша страна доказала свою независимость всему миру, и теперь следует не оставаться на достигнутом и продвигаться дальше. Для этого необходимо увеличить свое участие в мировом рынке. Этого можно достичь посредством обеспечения поддержки национальных предприятий и повышения конкурентоспособности отечественного продукта. В статье указаны способы подъема экономики, такие как развитие науки и регулирование его расходов, внедрение эффективных инноваций, повышение технологического уровня предприятий, государственная поддержка отечественных предпринимателей и ведение правильной инвестиционной политики. Ни одна страна не останется в стороне от процесса интеграции, поэтому нам нужно стремиться быть впереди этих стран.

Ключевые слова: конкурентоспособность, всемирный экономический форум, научно-исследовательская и практико-конструктивная работа, инновация, технологический уровень, отечественная наука, инвестиционная политика.

Khasenova Kenzhegul Kalmuratkyzy, Kabyldin Aibek Meiramkhanuly**Some problems of increase in competitiveness of domestic economy**

This article shows the meaning and the main problems of increasing the competitiveness of the national economy in the market economy conditions. Our country has proved its independence throughout the world, and now should not stay in achieved and move on. For that, it is necessary to increase the participation in the global market. This can be achieved through the provision of support for national enterprises and improve the competitiveness of the domestic product. The article lists ways in which economics raises, such as the development of science and regulation of its costs, the introduction of effective innovation, technological upgrading of enterprises, government support for local entrepreneurs and maintaining proper investment policy. No country can remain aloof from the process of integration, so we need to strive to be ahead of these countries.

Key words: competitiveness, the World Economic Forum, scientific research and practice-constructive work, innovation, technological level, domestic science, investment policy.

Редакцияға 29.10.2014 қабылданды.